



АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ. СОТ ӨНДІРІСІ, 1-БӨЛІМ (1)

«Әрекеттерді шектеу» институтының
негізгі белгілері



1. Өндіріс басталуының салдары.
2. Дәрменсіздік мәселелері жөніндегі істер мен бәсекелестік туралы заңнама бойынша өндірістегі талап қою мерзімі.
3. Талап қою мерзімі, жалпы ереже бойынша, материалдық құқықтардың әрекетін тоқтатпайды.
4. Талап қою мерзімін келісім арқылы өзгерту: эстоппель.
5. Талап қою мерзімін кейінге қалдыру: алаяқтық, қасақана жасыру және қателік.
6. Талапкердің әрекет қабілетсіздігі.
7. Растау немесе ішінара төлем жасау.
8. ЕО шеңберіндегі транс шекаралы делдалдық.

1. ӨНДІРІС БАСТАЛУЫНЫҢ САЛДАРЫ

Жалпы ережеге сәйкес, нақты азаматтық іс бойынша іс жүргізу ресми түрде тіркелген күннен немесе сөзбе-сөз аударғанда, сот кеңсесінің жеткізілген талап арызға (issue of a claim form) мөр басқан күнінен басталады.

Ағылшын азаматтық іс жүргізудің басталуы — талап мерзімін тоқтата тұруға негіз бола алмайды.

Мына мысалды қарастырайық.

1980 жылғы Талап мерзімі туралы актінің 5-бабына сәйкес жасалған келісім шарт бойынша талап мерзімі алты жыл. Талапкердің талап қоюына негіздеме пайда болып, талап қою арызын тапсырған кезде бес жыл өткен еді, яғни талап мерзімінің өтуіне әлі он екі ай бар еді. Демек, егер ол талап қою арызы бойынша басталған іс он екі айдан кейін талапкердің өтініші бойынша немесе соттың шешімімен тоқтаса, талапкер талап мерзімін өткізіп алады. Алты жыл талап мерзімі өткеннен кейін ешбір талап қоя алмайды.

Жерді қайтарып алу туралы істі де дәл осындай мысал ретінде көрсетуге болады. X жер телімін Y-тің иелігінен қайтарып алу туралы талап қойған. Бұл іс бойынша соттың тергеуі қажет болғандықтан, сот өндірісін уақытша тоқтатып қойған. X жер телімін Y-тің иелігінен қайтарып алу туралы жаңа талап қою арызын берген. Апелляциялық сот бұл талап қою арызын қараусыз қалдырған, себебі істі талапкердің өтініші бойынша тоқтату жердің Y-тің иелігінде болуына кедергі келтіре алмады.

2. ДӘРМЕНСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ІСТЕР МЕН БӘСЕКЕЛЕСТІК ТУРАЛЫ ЗАҢНАМА БОЙЫНША ӨНДІРІСТЕГІ ТАЛАП ҚОЮ МЕРЗІМІ

«Financial Services Compensation Scheme Ltd v. Larnell (Insurances) Ltd (таратылып жатқан)» ісінде (2005) Апелляциялық сот XIX ғасырда қалыптасқан норманы қолданған: «тарату басталған талап мерзімі өтпеген талапты» тарату кезінде беруге болады, «тарату жұмысы басталған кезде талап мерзімі өтіп кетпесе, тоқтата тұрады», бұл норманы дәрменсіздіктің барлық түрінде қолдануға болады.

Дәрменсіздік туралы нормалардың негізінде құны төмендетіліп сатылған мүліктер туралы сот өндірісін айтар болсақ, Апелляциялық сот Hill V. Spread Trustee Co ісінде (2007) банкротты конкурстық басқарушының талап қою құқығына ие болатын күнін анықтаған.

Hill V. Spread Trustee Co ісінде (2007) судья Блэкбурн қараған Re Eurocruit Europe (таратылып жатқан) ісіндегі (2008) таратушының мекеменің директоры фидуциарлық міндеттемесін орындамағаны үшін талап қоюына құқық бергеннен өзгеше еді. Бұл норма іс жүргізу нормасы, себебі мұндағы талап қою негізінің пайда болуы нормаға байланысты емес.

Сэр Эндрю Морритт Re Overnight Ltd (дәрменсіз) ісінде (2009), 1986 жылғы Дәрменсіздік туралы актінің 213-бабына сәйкес, алаяқтық жолмен сату жөнінде талап қоюдың негіздемесі тек тарату ісі басталған кезде және таратушыны тағайындаған кезде пайда болады деген.

1998 жылғы Бәсекелестік туралы актінің 47 А - бабы бойынша зиянды өтеу туралы талап мерзімі екі жылды құрайды: BCL Old Co v. BASF SE (2009).

3. ТАЛАП ҚОЮ МЕРЗІМІ, ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ БОЙЫНША, МАТЕРИАЛДЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ ӘРЕКЕТІН ТОҚТАТПАЙДЫ

Жалпы, талап мерзіміне қарсы пікір талапкердің құқығына шек келтірмейді. Жауапкер талап мерзіміне қарсы пікірін жарыссөздегі мәлімдемесінде айта алады. Егер жауапкердің талап мерзіміне қарсы пікірі болмаса, онда талап негізді болып саналады. Дегенмен, қарсы пікірдің талап мерзіміне автоматты түрде шек келтіретін бірнеше жағдай бар. Ондай жағдайлардың бірі ретінде шет мемлекеттердің заңнамасындағы



талап мерзіміне қатысты жағдайларды немесе талап мерзіміне шет мемлекеттің заңнамасындағы кедергілерді атауға болады.

1984 жылы Англияда заң қабылданды, оған сәйкес соттар шетел құқығын қолдану кезінде осы құқықтың бір бөлігі болып табылатын талап қою туралы ережелерді материалдық құқық ретінде, егер оны қолдануға жататын шетел құқығы талап етсе, қарауға және қолдануға тиіс.

Талап қою мерзімдері және оларды есептеу тәртібі заңмен қарастырылады.

Сот өз қалауы бойынша талап қою мерзімін қысқарта алады.

Дене жарақатын салу туралы істерде және диффамация туралы істерде (ақиқатқа сәйкес жария етілетініне немесе жарияланбайтынына қарамастан, қандай да бір фактілердің немесе мәліметтердің ар-ожданын тудыратын фактілер немесе мәліметтер туралы жария ету).

4. ТАЛАП ҚОЮ МЕРЗІМІН КЕЛІСІМ АРҚЫЛЫ ӨЗГЕРТУ: ЭСТОППЕЛЬ

Талап қою мерзімінің өзгеруі шартта көзделуі мүмкін.

Талап мерзімін қысқартатын келісімнің «келісім-шарт талаптарын бұзды» деген себеппен жарамсыз деп танылуы да мүмкін.

Кейде дәл сондай келісіммен талап мерзімі ұзартылуы да ықтимал. Талап мерзімін өзгертетін келісімдер жиі, бірақ көбінесе жанама түрде кездеседі. Сот мұндай келісімді жасауға нақты қандай себеп болғанын көрсетуді талап етуі мүмкін, әсіресе талап мерзімін қысқартқан келісімге себеп болған дәлелді жиі талап етеді.

Эстоппель доктринасы оның заманауи түрінде пайда болды және Англия мен Уэльс құқығында қатты дамыды. Эстоппель туралы ереже Роман-Герман құқықтық отбасына тән емес ағылшын құқығының жекелеген ерекшеліктерімен байланысты. Англияда бірқатар доктриналар, соның ішінде waiver және Эстоппель шарт жасасқан және онда қарсы ұсыну туралы ережелер (consideration) болған жағдайда бір тұлғаның басқа тұлға алдындағы міндеттемелерінің туындауын көздейтін ортақ құқықтың әділетсіздігін жеңу үшін ғана пайдаланылды.

Г. Х. Трайтель Эстоппельді басқа адамдар мұндай жүріс-тұрысқа немесе уәделерге сүйенген кезде адамның уәделерден бас тартуын және қарама-қайшы жүріс-тұрысты болғызбайтын немесе жол бермейтін заңды қағидат ретінде анықтайды.

Эстоппель Доктринасын қолдану үшін жалпы негіздер:

- талап қою құқығына қатысы бар фактілерге қатысты;
- кездейсоқ емес, әдейі болуы керек;
- жасыру талапкерден болуы тиіс;
- егер талап қоюшы талап қою құқығына қатысы бар фактілер туралы хабардар болмаса, бірақ жауапкер мұндай фактілерді талап қоюшыдан қасақана жасырып, уақыт әлі өтпеген болса, онда бұл талап қою мерзімінің өтуіне әкеп соғады. Осыдан кейін талапкер жасырылған немесе ақылға қонымды жігермен табылуы мүмкін фактілерді анықтағанда ғана уақыт қайта жаңғыртылады.

«Ace Insurance SA v. Seechurn» ісінде (2002) уәде эстоппелі доктринасын жауапкердің талап мерзіміне қарсы пікір білдіруінің алдын алу үшін мына үш фактордың қанағаттануы тиіс :

1. Жауапкер талапкерге объективті түрдегі айқын және нақты уәде берсе, жауапкердің жай ғана әрекетсіздігі уәде эстоппелін қолдану үшін жеткіліксіз болып табылады;
2. Жауапкер талап мерзіміне қарсы пікір айтпайтынын мәлімдесе;
3. Талапкер жауапкердің уәдесіне сеніп қалса, яғни жауапкердің уәдесін бұзуы «талапкердің қателігін әділетсіз пайдалану» сипатында болса ғана қолдануға болады.

«Ace Insurance» ісінде талапкер жауапкердің талап мерзіміне қарсы пікір білдіруге құқығы жоқ екенін мәлімдеген, бірақ Апелляциялық сот талапкердің мәлімдемесін қабылдамаған. Ал талапкер эстоппельге сілтеме жасай алмайтынын айтқан, себебі бұл істегі фактілер жоғарыдағы 1) және 2) факторларға сай келмейді деген.

«Ace Insurance SA v. Seechurn» ісіндегі (2002) факторлар мынадай еді. Лондонда автобуста денсаулығына зиян келген талапкер өмір бойына мүгедектікке душар болғаны үшін сақтандыру компаниясынан 250 000 фунт стерлинг талап еткен. Сақтандыру компаниясы талапкердің мүгедектігі өмір бойына екеніне күмән келтіріп, «талапкер ауруының белгілерін өтірік айтып отыр» деген пікір айтқан. Талапкердің жай-



күйін бірнеше сарапшы қарап, ақырында, сарапшылардың қорытындылары да әртүрлі шыққан. Арада ұзақ уақыт өтіп, талапкердің заңгері талапкерге талап мерзімі өтіп кететінін ескертуді ұмытып кеткен. Нәтижесінде талапкер сотқа талабын келісім шарттың бұзылғаны туралы істерге белгіленген алты жыл мерзім өтіп кеткенде ғана берген. Сотта жауапкер талап мерзімінің өтіп кеткені туралы мәлімдеме жасаған. Апелляциялық сот тараптардың арасындағы хат алмасуларды мұқият зерттеп шыққан. Ақырында, сот жауапкердің тікелей де, жанама да еш уәде бермегенін мәлімдеген, яғни «талап мерзімі өтіп кетсе де, міндеттемені орындау жөнінде уәде бермеген» деген қорытындыға келген.

Апелляциялық соттың «Ace Insurance SA V.Seechurn» ісіндегі (2002) шешімі тараптардың дауды сотқа дейін реттеуге тырысуы мен даудың негіздемесін анықтау үшін хат алмасуы, тіпті сарапшының қорытындысына жүгінуі «эстоппельге» негіз бола алмайтынын көрсетіп отыр.

Тараптардың біраз хат алмасқанына, дауды реттеуге тырысқанына қарамастан, талапкер жауапкердің айқын уәде бергенін, талап мерзімі өтсе де міндеттемесін орындайтыны туралы ұсыныс жасағанын дәлелдей алмаса, «эстоппельді» қолдана алмайтынын көріп отырамыз. Әдетте ондай уәде мен ұсынысты талап мерзімі өтпей тұрғанда береді, бірақ кейде талап қоюға заңдағы кедергілер жойылғанда да беруі мүмкін.

«Ace Insurance SA V.Seechurn» ісіндегі (2002) шешім талапкердің заңгері талапты тиісті мерзімнің ішінде қойып үлгеруі керек екенін көрсетіп отыр. Талапкер хат алмасу мен келіссөздерге алданып, тіпті хат алмасу мен келіссөзді жауапкердің өзі бастаған болса да, талап қою мерзімін өткізіп алмауға тиіс. Әрине, талап мерзімінде талап қойып үлгерсе міндетті түрде эстоппель қолданылады деуге де болмайды.

5. ТАЛАП ҚОЮ МЕРЗІМІН КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУ: АЛАЯҚТЫҚ, ҚАСАҚАНА ЖАСЫРУ ЖӘНЕ ҚАТЕЛІК

Талап мерзімі:

1. Талап жауапкердің алаяқтығы (fraud) туралы;
2. Талап қоюға негіз болатын фактіні жауапкер әдейі жасырып қалған болса;
3. Талап қоюға негіз қателіктің кесірінен пайда болса, кейінге қалдырылады.

Талап мерзімі талапкер алаяқтық болғанын, әдейі жасырғанын немесе қателік болғанын білген күннен немесе білуі мүмкін күннен басталады.

Алаяқтық: болғанын білуі мүмкін күнді анықтаған кезде нақты тексеру қиынға соғады: мәселе талапкердің алаяқтық болғанын тез арада білуі керек екенінде емес, күмән келтірсе, бірден тексеруге кірісуі тиіс. Алаяқтықты дәлелдеу талапкерге жүктеледі. Талапкер осы кезге дейін арнайы шара қабылдасаса білу мүмкін болмағанын дәлелдеуге тиіс...

Әдейі жасыру: 1980 жылғы талап мерзімі туралы акті бойынша: «Жауапкер қандай да бір нәрсені әдейі жасырып, талапкердің талап қою құқығына кедергі келтірсе, жауапкердің міндетін орындамағанын талапкердің білуі мүмкін болмау себебі жауапкердің әдейі жасырғанымен тең болса», талап мерзімінің басталуы кейінге қалдырылатыны айтылған.

Судья Блакбурн «Re Eurocruit Europe» (тарап жатқан) ісінде (2008) былай деген:

32 (1) (b)-бабында талапкердің талап қою құқығына кедергі келтіретін жасырып қалу туралы айтылған:

1. Талап қою құқығына қатысы бар фактілерге қатысты;
2. Кездейсоқ емес, әдейі болуы керек;
3. Жасырып қалу талапкерден болуы тиіс;
4. Егер талапкер ол туралы білмесе, бірақ жауапкер жасыруын жалғастыра берсе, талап мерзімі тоқтай тұруға тиіс. Талапкер жауаптың жасырғанын білген күннен немесе білуге тиіс болған күннен бастап талап мерзімі жаңарады.

Лордтар палатасы «Cave v. Robinson Jarvis and Rolf» ісінде (2003) жауапкер екі жағдайда:

1. Міндетін орындамағанын біле тұра жасырып қалғысы келсе.
2. Міндетін дұрыс орындамаған болса және онысын жасырса, заң нормаларына сәйкес талап мерзіміне қарсы пікір білдіре алмайды деген.

Жағдайда міндетін орындамау әдейі болуы міндетті емес. Williams V. Fanshaw Porter & Hazellhurst ісінде



(2004) солиситор асығыстық жасап клиентінің атынан бейбіт келісімге қол қойғанын мойындаған.

Жағдайда міндетін дұрыс орындамау әдейі болуға тиіс, ал оны жасыру әдейі болмауы да мүмкін (бұл норманы *Giles v. Rhind* ісінде (2008 год) дәрменсіздік туралы норманы бұзғаны үшін, атап айтқанда төмендетілген бағамен сатқаны үшін қолданған). Лорд Скотт «*Save*» ісінде 2) жағдайды дәлелдеуі үшін сот сараптамасына сүйене алатынын айтқан.

Егер жауапкер талап қоюға негіз пайда болғаннан кейін ғана әдейі жасырса не болады?

1980 жылғы актінің 32-бабына сәйкес мұндай кезде талап мерзімін «кейінге қалдыру» қажет. 1996 жылы Лордтар палатасы мұндай жағдайда «әдейі жасау» жауапкердің жауапкершілігін ауырлата түсетінін айтқан. Мұндай кезде талап мерзімі талапкердің талап қоюға негіз пайда болғанын білген сәттен немесе білуге тиіс болған сәттен қайта басталып, жаңартылуы міндетті. Әсіресе заңға талапкер талап қоюға негіз пайда болғанын білуге тиіс сәтті дәл анықтайтын өзгеріс енгізсе жақсы болар еді.

Қателік: 1980 жылғы Талап мерзімі туралы актіде «қателікті» айрықша жағдай деп атаған, сондықтан қателікке қате жасау, күмән келтіру немесе тіпті жауапкердің сезігін туғызу да жатпайды. Бұл норма — жалпы сипаттағы норма, сондықтан, қателікке байланысты талапты сотқа кейде тым кеш беріп жатады.

Сот прецеденттері жөнінде Y пен X тұрғыдағы көзқарастар әртүрлі болып жатады. *Kleinwort Benson Ltd v. Lincoln CC* ісінде (1999) Лордтар палатасы егер талапкер жауапкерге ақшаны төлеген кезде Y көзқарасқа сүйенсе, онда талап мерзімі туралы дауда «қателікті» айрықша жағдай ретінде қарастырады деген. Демек, талап мерзімі тек талапкер қателікті білген кезде ғана басталады. Себебі, Ортақ құқық жүйесіндегі құқық жасаудың декларативті теориясына сәйкес, сот ретроактивті шешім шығара алады (Ортақ құқықтың ретроактивті шешім шығару сипатын судья Лойд Джонс *Awoyomi V. Radford* ісінде (2007) ұтымды сипаттаған, Лордтар палатасы *Re Spectrum* ісінде (2005) айрықша жағдайда басқаша шешім шығаруға болатынын да айтқан, 15,57).

Заң өзгергеннен кейін талапкер соттың шешімімен төлеген ақшасын кері өндіріп алғысы келеді. Екіншіден, сот прецеденті болмағандықтан, төлемді құқықтағы қалыптасқан көзқарасқа сай төлеп, бірақ кейін ол төлем прецедент ретінде қолдау таппаған кез де болған. Жалпы, талапкердің шешім қабылдағаннан кейін ақшасын кері өндіріп алуына алты жыл уақыты бар. Төлемдердің арасындағы уақыт қанша болғанына және заңға қандай өзгеріс енгізілгеніне, талапкердің алты жыл талап мерзімі сақталады.

6. ТАЛАПКЕРДІҢ ӘРЕКЕТ ҚАБІЛЕТСІЗДІГІ

Әрекетке қабілетсіз тұлға, оның ішінде кәмелетке толмаған тұлға да талап мерзімінің жалпы нормасына бағынады (мысалы, қарапайым келісім шарт бойынша талапқа алты жыл). Талап мерзімі әрекет қабілетсіздігі басталған күннен немесе қайтыс болған күннен, немесе он сегізге толған күннен басталады.

Кәмелетке толмаған тұлғаның ақыл-ой қабілеті толыспағандықтан, ақыл-ойы толыққанға дейін кейінге қалдырылады. .

7. РАСТАУ НЕМЕСЕ ІШНАРА ТӨЛЕМ ЖАСАУ

Егер жауапкер талапкердің талабы туралы білгенін ауызша немесе жазбаша түрде растаса немесе қандай да бір төлем жасаса, талап мерзімі жаңарады. Бұл қарыз туралы талапқа, ауызша белгіленген сомаға, үлес өндіріп алу туралы талапқа немесе қайтыс болған адамның мүлкінен үлес өндіріп алу туралы талапқа, жер теліміне немесе ипотекаға қатысты қолданылады. Аталған істерде мерзімді бірнеше рет жаңартуға болады.

Растау немесе ішінара төлем жасау — талап мерзімі өтіп кеткен талаптың мерзімін жаңарта алмайды.

Лордтар палатасы «*Bradford & Bingley plc V.Rashid*» ісінде (2006) қарызда растау жауапкершілік саласында жауапкершілік мәселесі мен қарыздың сомасы туралы «преюдициясыз» келіссөздердің грифін жоймайтынын, әсіресе ондай келіссөз ақшаны кері өндіріп алу туралы ұзақ уақыт бойы жалғасқан болса тіпті жоймайтынын айтқан. Лорд Браун мұны былай түсіндірген: «Преюдициясыз» нормасы талапты мойындаған кезде ақшаны кері өндіруді талқылайтын ашық келіссөзде қолданылмайды, тек дауды реттейтін немесе дау бойынша келіссөзге келуге тырысатын кездерде ғана қолданылады».

8. ЕО ШЕҢБЕРІНДЕГІ ТРАНСШЕКАРАЛЫ ДЕЛДАЛДЫҚ

Ағылшын құқығына Еуропа парламенті мен кеңесінің «Азаматтық және коммерциялық даулардағы делдалдықтың (медиацияның) кейбір қырлары туралы» директивасының (2008) нормалары ықпал етіп,



1980 жылғы Талап мерзімі туралы актіге өзгеріс енгізген (Еуропа директивасының басқа да қырлары туралы II томдағы 1,136-тармақтан оқи аласыз).

Бұл өзгеріс мемлекеттердің азаматтары арасындағы азаматтық даулар бойынша талаптардың күшін жоймайтынын Англия соттары медиацияда осы талаптарды (екінші тарап Еуропалық одаққа мүше мемлекет болса) мойындайтынын білдіреді. Демек, талап қоюға кедергі болмаса, онда медиацияны да қолдануға болады. Тарап медиация аяқталғаннан кейін сегіз аптаның ішінде Англия сотына (сот өндірісі немесе арбитраж бойынша) талап беріп үлгеруге тиіс.

Пайдаланылған және ұсынылатын әдебиеттер

1. Эндрюс Н. Система гражданского процесса Англии: судебное разбирательство, медиация и арбитраж / пер. с англ.; под ред. Р.М. Ходыкина; Кембриджский ун-т. – М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 544 с.
2. Foreign Limitation Periods Act of 24 May 1984. [Электронный ресурс] URL: <http://www.legislation.gov.uk/ukpga/1984/16/enacted>
3. Решетникова Е.В. Сроки исковой давности в гражданском праве Российской Федерации, Франции и Англии. – Томск, 2017. // [Электронный ресурс] URL: <http://ui.tsu.ru/wp-content/uploads/2017/06/Решетникова-Е.В.-Сроки-исковой-давности-в-гражданском-праве-Российской-Федерации-Франции-и-Англии.pdf>
4. Здрок О.Н. Гражданский процесс зарубежных стран. Курс лекций: Учебное пособие. – Мн.: БГУ, 2004. – 147 с.
5. Васильев Е.А., Комаров А.С. и др. Гражданское и торговое право зарубежных государств. В 2 т. 4-е изд., перераб. и доп. - М.: — Т.1, - 2008. - 560с.